

№2 Мәртөк мектеп- гимназиясы

Қамқоршылық кеңес отырысы

№ 2 ХАТТАМА

Күні:04.04.2022

Қатысқандар: 10 адам.

Кеңес төрайымы: Демекбаева А.А

Кеңес мүшелері: Сарина Т.А

Муканов А.Қ

Бегжанова Г.Б

Рублёва Н.Б

Тулепбергенов Қ.Ш

Жаканов К.Т

Қалымов М.С

Шагатаев А.Ж

Хатшы:Қасым Г.К.

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.Әлеуметтік жағдайы төмен, күн көрісі қиын жағдайдағы отбасыларына рейдтік шаралар ұйымдастырып, көмек көрсету;
- 2.«2022 жыл - Балалар жылы» аясында ұйымдастырылатын мектепішілік "Бақытты Бала Әлемі" жобасына ата-аналарды қатыстыруға атсалысу;
- 3.Әр түрлі санаттағы, ыстық тамақпен қамтылған оқушыларға «Жалпыға білім беру» қорынан бөлінген қаржыға көрсетілген көмектің орындалуын бақылау;

I. ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрайымы Демекбаева А.А

Саламатсыздарма құрметті Қамқоршылық кеңес мүшелері. Бүгінгі отырыста бірінші қаралатын мәселе Әлеуметтік жағдайы төмен, күн көрісі қиын жағдайдағы отбасыларына рейдтік шаралар ұйымдастырып, көмек көрсету;

Мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға рейдтік жұмыс жүргізіліп, тұрмыстық жағдайлары тексерілді. Нәтижесінде мектебіміздің 11 "А" сынып оқушысы Сабыржанұлы Сәндібек, 8 "Ә" сынып оқушысы Құмақова Әлиманың отбасы қазіргі таңда көмекке мұқтаж отбасы. Отбасы көп балалы, толық емес отбасы. Екі оқушының анасы Құмақова Айгүл Әбдіжәмиқызы 15.12.1970 жылы дүниеге келген. 7 бала тәрбиелеген.

Қазіргі таңда тұрып жатқан үйлері жалдамалы 3 бөлмелі пәтер. Балаларда жеке бөлме жоқ. Пәтерде газ орнатылған. Материалдық заттар бар.(холодильник, кір машинасы). Ай сайын пәтерге 15000 теңге төлейді. Құмақова Айгүл денсаулығына байланысты қазіргі таңда жұмыссыз отыр. Жұмыссыз болғандықтан жәрдемақидан басқа кіріс көзі жоқ. Жәрдемақы мөлшері: 44000 тг (күміс алқа-19000 тг, асыраушысынан айырылу бойынша-25000 тг).

Ай сайын ауданымыздағы мешіттен азық-түлік беріліп көмек көрсетіледі. Ата-ананың айтуы бойынша кредиті бар.

2-мәселе бойынша әлеуметтік педагог Қасым Гүлжайна:

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «2022 жыл - Балалар жылы» деп атап өтті. Ол «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Сол себепті келесі жылды Балалар жылы деп жариялау керек деп есептеймін» – деді. Бұл жылды тек ұрандап немесе мереке түрінде атап өту ғана емес, ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында балаларды қорғау мақсатында нақты іс-шаралар жасалуы керек. «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деп атап өтті. Сол себепті мектебіміздегі барлық шараларға белсенді атсалысып, ата-аналарымыздың толыққанды белсенді түрде қатысуына ықпал жасауымыз қажет. Сонымен қатар әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған, көп балалы отбасыға көмек көрсету олардың құқығын қорғау мақсатында жұмыстар атқаруымыз қажет.

3-мәселе бойынша-әлеуметтік педагог Қасым Гүлжайна:

«Жалпыға білім беру» қоры есебінен атаулы әлеуметтік көмек алатын және күн көрісі деңгейі төмен отбасы оқушылары қыстық киіммен 52 оқушы қамтылды (қыстық аяқ киім, куртка, спорттық аяқ киім).

ҚАУЛЫ:

- 1.Аталған әлеуметтік жағдайы төмен отбасыға қамқоршылық кеңес тарапынан көмек көрсетілсін.
- 2.«2022 жыл - Балалар жылына» орай мектепте өткізілетін шараларға ата-аналар қатыстырылсын.
- 3.«Жалпыға білім беру» қорынан бөлінген көмекке әлеуметтік категориядағы оқушылар қамтылсын.

Кеңес төрайымы:

Демекбаева А.А.

Кеңес мүшелері:

Сарина Т.А

Муканов А.Қ

Бегжанова Г.Б

Рублёва Н.Б

Тулепбергенов Қ.Ш

Жаканов К.Т

Қалымов М.С

Шагатаев А.Ж.

Қасым Г.К.

Хатшы: